- 3.2.14. Қазақ тілін дамытуға арналған іс шаралар ұйымдастыру, қазақ тілді орталардың санын көбейту, қоғамның барлық салаларындағы қазақ тілінің ахуалын жақсарту;
- 3.2.15. Қазақстандағы әдебиет пен өнердің дамуын, осы саладағы қайраткерлердің шығармашылық бастамаларын қолдау;
- 3.2.16. Әлихан Бөкейханов құрған «Алаш» қозғалысының және алаш қайраткерлерінің идеяларын, еңбектерін, ерліктерін насихаттау.
- 3.2.17. Тарихи тұлғалардың, танымал ақын-жазушылардың, әдебиет, өнер қайраткерлерінің өмір жолы мен шығармаларын халыққа насихаттау;
- 3.2.18. Қазақстан тарихындағы ірі оқиғалардың маңызын халыққа түсіндіру, қазақстандықтардың тарихқа деген көзқарасын жаңғырту;
- 3.2.19. Еліміздегі белгілі тұлғалар мен жастар арасында кездесулер өткізу;
- 3.2.20. Ұлы тұлғалардың мерейтойларын, еске алу кештерін ұйымдастыру;
- 3.2.21. Соғыс және еңбек ардагерлерлеріне құрмет көрсету;
- 3.2.22. Жастардың, оның ішінде оқушылар мен студенттердің интеллектуалдық қабілетін арттыратын жарыстар, байқаулар ұйымдастыру, зияткер, іскер және кәсіби жастардың қалыптасуына ықпал ету;
- 3.2.23. Қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, отбасы құндылықтарын насихаттау;
- 3.2.24. Мемлекеттік қызметкерлердің біліктілігін арттыру;
- 3.2.25. Әртүрлі жастағы адамдардың қаржылық сауаттылығын арттырып, кәсіптік қабілетін дамыту, оларға бизнес ашуды үйрету;
- 3.2.26. Бизнес-тренингтер, шеберлік сыныптарын ұйымдастыру, білікті бизнес-тренерлер мен жастар арасында байланыс орнатып, қоғам мүшелерін кәсіби тұрғыда жетілдіретін

орта қалыптастыру;

3.2.27. Инновациялық жобаларға қолдау көрсету, жаңа идеялар мен тың жаңалықтардың пайда болуына жағдай жасау;

3.2.28. Астана қаласының туған күнін жоғары деңгейде атап өтуге атсалысу;

3.2.29. Алматы қаласындағы мерекелік іс-шараларды жоғары деңгейде өткізуге үлес қосу;

3.2.30. Қазақстандағы өзіне-өзі қол жұмсаудың (суицид) алдын алу жөнінде семинарлар, лекциялар, ақпараттық жұмыстар ұйымдастыру;

3.2.31. Тұрғындардың және жасөспірімдер мен балалардың жол қауіпсіздігін сақтауына, еліміздегі жол-көлік оқиғаларының алдын алуға үлес қосу;

3.2.32. Салауатты өмір салтын қалыптастыру, білім алу мен еңбек етуді насихаттау;

3.2.33. Еңбек жәрмеңкелерін ұйымдастыру арқылы жастардың жұмысқа орналасуын қамтамасыз етіп, елдегі жұмыссыздық деңгейінің азаюына көмектесу;

3.2.34. Қоршаған ортаны қорғау, қазақстандықтардың экологиялық сауаттылығы мен мәдениетін дамыту;

3.2.35. Қоғамдағы зорлық-зомбылықпен, әлімжеттікпен күресу, Қазақстан азаматтарының құқығын қорғау;

3.2.36. Әйелдер құқығы бойынша гендерлік мәселелерді шешуге ықпал ету, отбасындағы әйелдердің орны мен рөлін насихаттау;

3.2.37. Қазақстан Республикасының ішкі саясат басымдықтарына қол жеткізу мақсатында мемлекеттік органдарға көмектесу;

3.2.38. Қордың жобалары мен бағдарламаларын қаржыландыру үшін, демеушілер іздеу, қаражат жинау;

3.2.39. Республикамыздың тарихына қатысты шежірелерді жинақтап, архивтік қор жасау;

3.2.40. Интернет сайт ашу және халықты ақпараттық қамтамасыз ету;

3.2.41. Ұлттық тәрбие, жалпы педагогикалық бағытта жұмыстар жүргізу;

3.2.42. Жастардың, балалардың ғылымы мен білімін дамыту, дұрыс тәрбие алу мәселелерімен айналысу;

3.2.43. Ұлттық музыка өнерін дәріптеу;

3.2.44. Ұлттық тағамдарды насихаттау;

3.2.45. Ұлттық қолөнер бұйымдарын насихаттау;

3.2.46. Қазақстан жеріндегі тарихи маңызы зор ескерткіштерді сақтауға, қорғауға ат салысу және олардың рухани және мәдени маңыздылығын насихаттау;

3.2.47. Көшпелі халықтардың, оның ішінде жалпы түрік халықтарының мәдениеті мен тарихын, этнографиялық ерекшеліктері мен ортақ белгілерін дәріптеу.

3.3. Қордың қызмет мәні:

3.3.1. Қазақстанның мәдениет, әдебиет, ғылым, білім беру, ағарту, өнер салаларында атқарылып жатқан іс-шараларға белсенді атсалысу, Республикамыздың тарихына қатысты шежірелерді жинақтап, архивтік қор жасау;

3.3.2. Қазақстан халықтарының тарихи, мәдени, ғылыми, өнер мұраларын жинақтау және оларға жүйелі түрде зерттеулер жүргізіп отыру;

3.3.3. Елімізге ерекше еңбек сіңірген дара тұлғалардың өмір жолын, ерен еңбегін арқау ететін кездесу кештерін өткізу;

3.3.4. Әр ұлт өкілдерінің ішінен шыққан ірі тұлғалардың еңбек жолын жинақтап, оны кең насихаттау арқылы Қазақстандағы ұлттар арасындағы тарихи-мәдени байланыстарды нығайту және оны ары қарай дамыту;

3.3.5. Жастардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін және жауапты азаматтық ұстанымын, Республиканың мемлекеттік рәміздеріне, Қазақстан халқының мәдени мұрасына, тіліне және дәстүріне құрметпен қарауды қалыптастыру;

3.3.6. Жастардың жаңа әдеби, мәдени, өнер туындыларын жарыққа шығару;

3.3.7. Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын дамыту, олардың қарым-қабілетін ұштау;

3.3.8. Қазақстандағы әдебиет, өнер, мәдениет қайраткерлерінің еңбектері мен мұраларын

- жұртшылыққа таныту шараларын өткізу;
- 3.3.9. Тұрғындар арасында мәдени-ағарту, білім беру жұмыстарын жүргізу;
- 3.3.10. Дәстүрді, мәдениет пен тілді дамытуға бағытталған кешенді іс-шараларды жүзеге асыру;
- 3.3.11. Қазақстандықтардың тарихи санасына серпін беру, тарих тағылымын жас ұрпақтың бойына сіңіру;
- 3.3.12. Конфессияаралық және этникааралық қатынаста толерантты сананы дамыту;
- 3.3.13. Ғылыми-тәжірибелік конференциялар, дөңгелек үстелдер, форумдар, лекциялар, семинарлар, тренингтер, флэш-мобтар, бизнес-тренингтер, кітап, сурет көрмелерін, пікір-сайыс турнирлерін, білім және спорт жарыстарын өткізу;
- 3.3.14. Мерекелік концерттер мен шығармашылық кештер ұйымдастыру;
- 3.3.15. Өртүрлі тақырыпта сапалы деректі фильмдер, бейнероликтер түсіру;
- 3.3.16. Ғылыми жинақтар, әдістемелер, нұсқаулықтарды, кітаптарды, фотоальбомдарды жарыққа шығару;
- 3.3.17. Бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде белсенді ақпараттық жұмыстар жүргізу, полиграфиялық өнімдер тарату;
- 3.3.18. Тұрғындарға ақыл-кеңестер мен консультациялар беру, ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- 3.3.19. «Жедел желі», «сенім телефоны» қызметтерін ұйымдастыру;
- 3.3.20. Әлеуметтік, экономикалық және әлеуметтік-экономикалық зерттеулер жүргізу.
- 3.3.21. Қайырымдылық іс-шараларын ұйымдастыру;
- 3.3.22. Егер қор қордың жарғылық мақсаттарына жетуге қызмет етсе, онда қор коммерциялық қызметпен де (шаруашылық серіктестіктерге қатысу, баспаханалық қызмет) айналыса алады;
- 3.3.23. Ұлттық құндылықтарды зерттеу орталығын құру;
- 3.3.24. Баспахана ашу, баспаханалық қызмет атқару;
- 3.3.25. «Туған жер» бағдарламасы бойынша өз еліне қызмет етіп жүрген кәсіпкерлердің жұмысын насихаттау;
- 3.3.26. Көркем фильм, деректі фильм, бейне-роликтер, теле-радиолық бағдарламалар әзірлеу;
- 3.3.27. Ғылыми-тәжірибелік, туристік экспедициялар өткізу, археологиялық зерттеулер жүргізу, тарихи орындарды насихаттау;
- 3.3.28. Өнер фестивальдерін өткізу;
- 3.3.29. Ұлттық және қазіргі заманғы спорт түрлерінен жарыстар өткізіп, салауатты өмір салтын насихаттау;
- 3.3.30. Ұлттық музыка мектебін ашу;
- 3.3.31. Қазақ және туыстас түрік халықтарының мәдениеті, тарихы және этнографиясы жайындағы кітаптар мен оқулықтар шығару.
- 3.3.32. Тарихи отанына оралған шетелдік қандастарымызды жергілікті жерге бейімдеу (адаптация) бойынша кешенді жұмыстарды іске асыру
- 3.3.33. Жемқорлыққа қарсы күрес бойынша іс-шаралар ұйымдастыру;
- 3.4. Қор өзінің жарғылық мақсаттарына сәйкес келетін кәсіпкерлік қызметпен айналыса алады.
- 3.5. Кәсіпкерлік қызметпен айналысу үшін қор Қазақстан Республикасының заңдылығына сәйкес шаруашылық серіктестіктерді құруға құқығы бар.
- 3.6. Қордың қызметінің мақсаты мен мәні оның барлық құрылтайшыларының жалпы келісімімен өзгерте немесе толықтыра алады.

4. ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

4.1. Қордың жарғылық мақсаттарын мойындайтын және Қордың қызметін дамытуға өз үлесін қосуға мүмкіншіліктері бар Қазақстан Республикасының азаматтары Қордың құрылтайшысы болып табылады:

1. Қазақстан Республикасының азаматы

Әубәкір Арман Серікұлы

Жеке куәлік: № 042084349

ЖСН: 861210302613

Берілген орны: Қазақстан Республикасының ПМ

Берілген күні: 12.09.2017 – 11.09.2027

Туған жылы: 10.12.1986

Туған жері: Жамбыл облысы,

Тіркелген: Алматы қ., Алатау ауданы, Алғабас-6, 1/179 үй, 48 пәтер.

2. Қазақстан Республикасының азаматы

Беркімбаев Ардақ Оразғалиұлы

Жеке куәлік: № 020488416

ЖСН: 810924300111

Берілген орны: Қазақстан Республикасының ӘМ

Берілген күні: 20.11.2006 – 23.09.2026

Туған жылы: 24.09.1981

Туған жері: Шығыс Қазақстан облысы

Тіркелген: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Каблукова көшесі, 129 үй, 2 пәтер.

3. Қазақстан Республикасының азаматы

Омар Алишер

Жеке куәлік: № 039179655

ЖСН: 950809302170

Берілген орны: Қазақстан Республикасының ПМ

Берілген күні: 09.11.2015 – 08.11.2025

Туған жылы: 09.08.1995

Туған жері: Алматы облысы

Тіркелген: Алматы облысы, Ақсу ауданы, Алтынарық ауылы, Дәулетменде көшесі, 4 үй.

4. Қазақстан Республикасының азаматы

Налибаев Бейбит Молдахметович

Жеке куәлік: № 034906555

ЖСН: 860418302374

Берілген орны: Қазақстан Республикасының ПМ

Берілген күні: 24.06.2013 – 23.06.2023

Туған жылы: 18.04.1986

Туған жері: Қзылорда облысы

Тіркелген: Алматы облысы, Іле ауданы, Қоянқұс ауылы, Иманов көшесі, 56 үй.

4.2. Қордың құрылтайшыларының құқығы:

– Жарғыда көзделген тәртіппен Қордың жұмысын басқаруға қатысуға;

– Қордың қызметі туралы ақпарат алуға, құжаттарымен танысуға құқылы.

– Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарын құруға және баспалық қызмет атқаруға құқылы.

4.3. Қордың құрылтайшылары міндеттері:

– Құрылтайшы құжаттарында белгіленген ережелерді сақтауға;

– Қордың коммерциялық құпия болып жарияланған мәліметтерін жария етпеуге;

– Қордың қызметінің іске асыуына ықпал етуге, жарна төлеуге, инвесторлар тартуға міндетті.

5. ҚОРДЫҢ МҮЛКІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

5.1. Қор құрылтайшыларының және басқа да қордың құрылтайшысы болып табылмайтын заңды және жеке тұлғалардың, демеушілердің берген мүліктері қордың меншігінде және оның балансына есепке алынады.

5.2. Қордың мүлкін қалыптастыру көздері ақшалай және өзге де нысандар болып табылады:

- құрылтайшылар берген ақша және де басқа мүлік;
- демеушілік, өз еркімен берілген жәрдем;
- кәсіпкерлік қызметтен түскен табыс.
- заңнама аясында тауарларды өткізуден, жұмыстар мен қызметтерді көрсетуден келіп түскен (табыс) түсімдер;
- акциялар бойынша дивидендтер (кірістер, сыйақы (мүдде), облигациялар, басқа да бағалы қағаздар және түсімдер (депозиттер));
- гранттар;
- тегін және қайырымдылық түсімдер;
- қордың рұқсат етілген қызметі түрлерінен түсетін табыс;
- басқа да заңмен тыйым салынбаған түсімдер.

5.3. Қор қолданыстағы заңнамаға сәйкес өз мүлігін иеленуді, пайдалануды және билік етуді жүзеге асырады.

5.4. Құрылтайшылар бұрын енгізілген жарналар көлеміне тепе-тең көлемде немесе басқа мөлшерде қосымша жарналар енгізу туралы шешімді жалпы жиналыста қабылдауы мүмкін.

5.5. Қордың кәсіпкерлік қызметінен тапқан табыстары және басқа да түсімдер құрылтайшылар арасында бөлінуге жатпайды, ол оның қызметінің дамуына, оның жарғылық мақсатына, соның ішінде Қордың жобалары мен бағдарламаларын қаржыландыруға пайдаланады.

5.6. Кірістер мен өзге де түсімдерді пайдалану туралы шешім құрылтайшылардың жалпы жиналысының шешімімен осы Жарғыға сәйкес қабылданады.

6. ҚОРДЫҢ ОРГАНДАРЫ

6.1. Қорда:

- Құрылтайшылардың жалпы жиналысы – Жоғарғы орган;
- Президент жетекшілігінде Басқарма-Атқарушы орган;
- Тексеру комиссиясы – Бақылау органы;
- Қамқорлық кеңес – Коллегиялық Басқарма органы қызмет жасайды.

6.2. Қорды құрған кезде (құрылтайшылардың) құрылтайшының шешімімен төрақты жұмыс істейтін алқалы басқару органы – қордың атқарушы органы тағайындайтын қамқоршылық кеңесі құрылады, ол қор қызметінің оның жарғылық мақсаттарына сай келуіне бақылау жасайды, сондай-ақ қордың жарғысында бекітілген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

7. ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫС

7.1. Қордың құрылтайшылардың жалпы жиналысы (осыдан әрі Жиналыс) қажеттілік шамасында, бірақ жылына бір реттен аз емес мерзімде шақырылады. Күні, өткізетін орны және ойланған күн тәртібі Қордың Басқармасының шешімімен белгіленеді.

7.2. Жиналыстың кезектен тыс шақырылуы Қордың Басқармасының немесе Президенттің бастамасымен, тексеру комиссиясы немесе қор құрылтайшыларының бастамасы негізінде шақырылады.

7.3. Жиналыстың айырықша құзіретіне мынадай мәселелер жатады:

- а) Қордың құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мен қабылдау;
- б) Қордың өз еркімен қайта құрылуы мен таратылуы;
- в) Қордың атқарушы органының құрылуы, басшыларын тағайындау және олардың өкілдерін мезгілінен бұрын тоқтату, ұйымдастыру жүйесін анықтау;
- г) Қордың атқарушы директорының уақытымен есебін тыңдауды тәртіпке енгізу, сонымен

қатар тексеру комиссиясының тексеру мерзімін белгілеу және оны қорытындысын бекіту;

д) қолданылып жүрген заңдар тұрғысында қордың басқа заңды тұлға құруына немесе қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау, сонымен қатар филиалдар мен өкілдіктер ашу;

е) Қордың қызметінің басым бағыттарын айқындау;

ж) Қордың қаржылық сеп жылын тыңдап, бекіту, қордың тексеру комиссиясының қорытындысы;

з) Қордың қызметін анықтайтын ішкі іс құжаттарын және Қор қызметінің әрекетін бекіту;

и) қосымша жарғы енгізу жөнінде толықтырулар енгізу, сонымен қатар қосымша жарғының көлемі және енгізу тәртібі;

к) құрылтайшылар құрамындағы өзгерістер;

л) Қордың филиалдары мен өкілдіктеріндегі жұмысқа қатысты жоспарларды бекіту;

м) Қор атқарушы директордың еңбекақысын бекіту;

н) филиалдар мен өкілдіктер құрылған жағдайда олардың жетекшілерін сайлау және қайта сайлау

о) Қордың қызметі қорытындысында алынған кірістер мен табыстарды қолдану туралы шешім қабылдау;

п) белгілі мақсатқа арналған бағдарламалар мен шаралар үшін қосымша табыс көздерін табу үшін шешім қабылдау;

Заң актілеріне сәйкес Қор қызметіне қатысты басқа да мәселелер Қордың Жиналысының құзыретінде қаралуы мүмкін.

7.4. Қордың басқа мәселелері бойынша, Жиналыс шешім қабылдауға құзыреті бар.

7.5. Жиналыс Қордың қызметіне байланысты және атқарушы органның құзыретіне енгізілген басқа да түрлі мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқылы.

7.6. Жиналыс шақыру туралы хабарландыру талқылауға жататын мәселелерді көрсетіп жиналыс өтетін күннен бұрын жеті күн аспай тапсырма хатпен немесе факс арқылы қатынаспен, Қордың әрбір құрылтайшысына бөлек Басқармамен немесе оның Президентімен жіберілді.

7.7. Егер жиналысқа Қор құрылтайшыларының (немесе олардың өкілдері) 3/4-і қатысатын болса жиналыс шешім қабылдауға хақылы. Әр құрылтайшы бір дауысқа ғана ие.

7.8. Жиналыстың отырыстарында хаттама жүргізіледі, бұнын мазмұнында: Қордың фирмалық аталуы және мекен-жайы, жиналыс отырысының мерзімі мен орны; жиналыс төрағасының, хатшының, дауыс санаушы мен хаттама мазмұның дұрыстығын растайтын тұлғалардың фамилиялары мен аттары; жиналыстың күн тәртібін; жиналыс өткізілген уақытта маңызды кезеңдері, ұсыныстар; әрбір шешім бойынша дауыс санай қабылданған шешімдер; егер тұлға қарсылық айтып және оны хаттамаландыруды сұрайтын болса, оның қарсылығы. Хаттамаға жиналыстың төрағасы мен хатшысы және де хаттаманың мазмұның дұрыстығын растайтын тұлғалар қол қояды.

Қордың әрбір құрылтайшысының жиналыс отырысы өткен кезден бастап үш күн аралығында жиналыс отырыстардың хаттамаларының көшірмесін немесе одан үзінді көшірмесін немесе одан үзінді көшірмесін алуға құқысы бар.

7.9. Жиналыстың шешімдері, егер осы шешімдер қолданылатын заңдарға немесе осы Жарғыға қайшылыққа қосылса, сотта қарсылық білдіруі мүмкін.

8. ҚОРДЫҢ БАСҚАРМАСЫ

8.1. Ағымдағы қызметке басшылық жасауды Жиналыстар арасындағы мерзімде Қордың тұрақты әрекетті атқару органы болып Қордың Басқармасы табылады.

Басқармаға президент басшылық етеді. Басқарманың Президенті өз қызметінің нәтижесінде Жиналыстың алдында жылына бір реттен аз емес мерзімде есеп береді.

8.2. Басқарманың мүшелері Қамқорлық кеңесте **бір** жыл мерзімге сайланады.

8.3. Қор басқармасының құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- ❖ Қордың қаржылық жоспарын жете зерттеу және оған өзгерістер енгізу;
- ❖ Қордың бағдарламалары мен жобаларын жете зерттеу және бекіту;
- ❖ Қордың филиалдар мен өкілдіктердің жұмыс жоспарларын және есептерін қарастыру;
- ❖ мақсатты бағдарламалар мен шараларды қаржыландыру үшін қосымша қаржыларды тарту туралы шешім қабылдау;
- ❖ Қордың жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын басқа мәселелерді шешу.

8.4. Басқарманың отырыстары керекті, бірақ үш айда бір реттен аз емес шамасында өткізіледі. Егер Басқарманың мүшелерінің жартысынан көбі қатысса, Басқарманың отырысы шешім қабылдауға хақылы болып саналады.

Басқарманың шешімдері Қордың барлық құрылымдық бөлімшелеріне міндетті.

8.5. Басқарма отырыстарының хаттамаларына дауыс беруге қатысқан Қордың мүшелері қол қояды және де хаттамалар Басқарманың мүшелеріне және қажеттілігіне қарай басқа да адресаттарға жіберіледі.

8.6. Қор Президентінің өкілеті:

- Қор Басқармасының қызметіне басшылық жасайды, Жиналыстың шешімдерін орындалуын ұйымдастырады;

- Қазақстан Республикасының аумағында және де оның шет аймақтарында үшінші тұлғалармен қатынаста Қордың атынан сенімхатсыз іс-қимыл жасайды, оның мүдделерін көрсетеді;

- Қордың Жарғысына қол қояды;

- келісімдер (шарттар), соның ішінде еңбек шарттарын жасайды;

- Қорды мүддесін білдіру құқығына сенімхат береді;

- Қазақстан Республикасында, ТМД-да, шетелдердегі банктерде есеп және басқа да шоттарды, сонымен бірге шетел валютасында ашады;

- Жиналыс белгілеген шегінде Қордың мүлкісін жұмсайды;

- Қордың жұмысының мәселелері бойынша методикалық және нұсқаулы құжаттарды алады;

- Қордың қызметкердерін қызметке тағайындау туралы оларды қызметтен ауыстыру және босату туралы бұйрықтар шығарады, еңбекке ақы төлеу жүйесін айқындайды, лауазымдық жалақылардың және жеке үстемақылардың мөлшерін белгілейді, сыйлықақылары беру мәселелерін шешеді, көтермелеу шараларын қабылдайды және тәртіптік жазалар қолданады;

- Қор Жиналысының келісімімен атқару аппараттың құрылымын және штатты, оның бөлімшелерінің жалпы міндеттері мен функциясын белгілейді;

- жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне жатпайтын Қордың қызметінің басқа да мәселелерді шешеді.

8.7. Президент өз міндетін орындаудан әрбір уақытта, бірақ бас тарту шындығына үш ай бұрын жазбаша түрде Жиналысты хабардар етіп бас тартуына құқылы.

9. ҚАМҚОРЛЫҚ КЕҢЕС ЖӘНЕ ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ

9.1. Қамқорлық кеңес:

- қордың атқару органын сайлайды;

- қор қызметінің жарғылық мақсаттарға сай екендігін қадағалайды;

- қор атынан мемлекет ішінде және шетелде өкілдік етеді.

9.2. Қордың Басқармасының қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды Қордың құрылтайшылар санынан Жиналыспен сайланатын тексеру комиссиясы жүзеге асырады. Тексеру комиссиясының қызметінің мерзімі және сандық құрылымы Қордың құрылтайшылар Жиналысымен белгіленеді.

Басқарманың мүшелері тексеру комиссиясының мүшесі бола алмайды.

9.3. Тексеру комиссиясы Жиналыстың тапсырмасы бойынша немесе құрылтайшылар Жиналысымен белгіленген тәртіппен құрылтайшылар талаптары бойынша Қордың Басқармасының қызметіне тексерістер жүргізеді.

9.4. Тексеру комиссиясы Қордың Басқармасының қызметіне тексеріс өткізген кезде оның мүшелерінен Қордың барлық қажетті құжаттарды, бухгалтерлік және басқа құжаттарды, не жеке түсіндірлемелер сұрауға құқылы. Өткізілген тексерістердің қорытындылары құрылтайшылар Жиналысына бағытталады.

9.5. Заңды актілерде немесе Қордың құрылтайшылар Жиналысының шешімдерін қоспағанда тексеру комиссиясы жылдық қаржы есептілігіне қортынды жүргізеді. Осы жағдайда құрылтайшылар Жиналысы Қордың жылдық есептілікті тексеру комиссиясының қорытындысынсыз бектуге хақылы емес.

9.6. Тексеру комиссиясының мүшелері Басқарманың отырыстарында кеңесші дауыс құқысымен қатыса алады.

10. ЛАУАЗЫМДЫ ҚЫЗМЕТКЕРДІ БОСАТУ НЕГІЗІ МЕН ТӘРТІБІ

10.1. Құзыретті тұлғаларды қызметінен босату нақты Жарғымен және Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы» заң және Қордың ішкі актілерімен реттеледі.

10.2. Қордың лауазымды қызметкерлерінің өздері жазған жазбаша өтініш негізінде немесе Қордың атқару органының шешімімен босатылады.

10.3. Босатылатын лауазымды қызметкер өзінің нақты жұмыс орнын босатудан бір ай бұрын босату жөніндегі өтінішін жазуы керек.

10.4. Босату жөніндегі өтініш түскеннен соң Қордың атқару органы бұл өтінішті қарап, шешім қабылдауға міндетті.

10.5. Лауазымды қызметкерді жұмысынан босату жөніндегі шешімді Қордың атқару комитеті Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы» заңы мен Қордың ішкі актілерінің негізінде қабылдайды.

10.6. Қордың құзыретті тұлғаларын босату мына негізде жүргізіледі:

- Қордың құрылтайшыларының жалпы жиналыс шешімімен;
- өкілетті мерзімнің бітуімен;
- Қазақстан Республикасының заңдарында көрсетілген басқа да негіздерге байланысты.

11. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖЫЛЫ МЕН ЕСЕП БЕРУІ

11.1. Қордың қаржылық жылы календарлық жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанға дейін бекітіледі.

11.2. Қордың қаржы-шаруашылық қызметінің бухгалтерлік есебі және қаржылық есеп ұсынуы қолданылатын заңдарымен белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

11.3. Қор жылдық қаржылық есебінің дұрыстығын тексеруі және растауы үшін Қормен, оның құрылтайшыларымен немесе лауазымды тұлғалармен мліктік мүддесіне қатыспайтын кәсіпкерлі аудиторды тартуға мүмкін.

Кез келген құрылтайшы, Қордың жылдық қаржылық есебін, аудиторға төлем ақысын өзі төлеп, аудиторлық тексерудің жүргізілуін әрбір уақытта талап ете алады.

12. ЖАРҒЫҒА ЕНГІЗІЛЕТІН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ТӘРТІБІ

Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар құрылтайшыларының жалпы жиналыс шешімімен енгізіледі.

Қор Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы және қайта тіркеу алымсыз жүзеге асырылатыны жөнінде (мекен жайдың өзгеруі, филиал немесе өкілдік және т.б

ашу) хабарлауға міндетті. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, Қор бұл жөнінде тіркеу орындарын 1 ай мерзім ішінде хабардар етеді.

13. ЕҢБЕКТІК ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР

13.1. Қордың үшінші жақтармен және еңбек коллективімен, және де Қормен құрылтайшылардың арасындағы қарым-қатынастары қолданылатын еңбек заңдарына сәйкес жақтармен жасалған белгілі еңбек және шаруашылық келісімдермен анықталады.

13.2. Қор еңбек келісім жасап жұмысшыларды жұмысқа алуға құқылы.

13.3. Жұмыс тәртібі жалпы жиналыстың шешімімен белгіленеді.

14. ФИЛИАЛДАР МЕН ӨКІЛДІКТЕР

14.1. Қор Қазақстан Республикасының заң талаптарына сай филиалдар құрып, өкілдіктер аша алады.

Қор сонымен қатар, Қазақстан Республикасының заң талаптарына сай өзінің жүйелік бөлімшелерін аша алады.

14.2. Қор филиалы болып Қор орналасқан жерден басқа жерде орналасқан, оның барлық немесе жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын бөлімше табылады.

14.3. Қор өкілдігі болып Қор орналасқан жерден басқа жерде орналасқан, оның мүдделерін қорғайтын және жүзеге асыратын, оның атынан қандайда болмасын құқылық жағдайларды жүргізетін, алыс-беріс жұмыстарын жасайтын бөлімше табылады.

14.4. Филиалдар мен өкілдіктер заңды тұлға болып табылмайды. Олар оларды құрушы қордың меншігінде мүлікпенен қамтамасыз етіледі де, оның бекітіп берген Ережесіне сай қызмет жасайды. Филиалдың/өкілдіктің немесе Қор мүліктері жеке баланста және қордың жеке балансында есепте тұрады.

14.5. Филиал немесе өкілдік Қор атынан қызмет жасайды.

Филиалдың/өкілдіктің немесе өкілдіктің атқарған қызметіне Қор жауап береді.

14.6. Филиал немесе өкілдік тіркеу есебінен өтуге тиісті, егер атауы өзгерген жағдай болса қайтадан тіркеуден өтуі керек.

Есепті тіркеуден өтуі мен қайта тіркелу жағдайы және мерзімі заңды тұлғалардың тіркелу заңына сай жүргізіледі.

14.7. Қор Филиалдың/өкілдіктің немесе қызметін басқаруды өзі бекіткен жетекші арқылы жүзеге асырады. Филиал немесе өкілдік жетекшісі Қордың өкілетті органы берген сенімхат бойынша қызмет жасайды.

14.8. Филиалдың Жетекшісі Қордың өкілетті органына есеп беруге міндетті және оның алдында Филиалдың қызметін жүзеге асыруға және бұған жүктелген өкілеттерді орындауға жауап береді.

14.9. Филиалдың/өкілдіктің/ Жетекшісі:

1) Қордың мүдделерін ресми мемлекеттік мекемелерде, өкімет органдарында және басқа ұйымдарда, кәсіпорындарда атқарады;

2) Филиалдың нақты жарғысы және берілген сенімхат бойынша келісімдер, шарттар және басқа әрекет жасайды.

14.10. Филиалдың (Өкілдіктің) жетекшісі анықталған смета (штат тізімі) шегінде және Қордың өкілетті органының келісімімен:

1) Қазақстан Республикасының қолданылатын еңбек заңдарына сәйкес Филиалдың (Өкілдіктің) қызметкерлерін қабылдауын және жұмыстан босатылуын жүзеге асыруға, олармен жеке еңбек келісімдер жасауға;

2) үлгі нұсқау негізінде және жергілікті жағдайға сәйкес өңдеу және Филиалдың (Өкілдіктің) қызметкерлерінің лауазымды нұсқауларды бекіту және олардың орындалуын бақылауға;

3) Филиалдың (Өкілдіктің) қызметкерлеріне қолданылатын еңбек заңдарымен көрсетілген

жаздақтау шараларды және тәртіп жөніндегі жазаларды қолдануға;

4) Филиалдың (Өкілдіктің) жұмысының жоспарларын оларды Қордың өкілетті органымен бекітілгеннен кейін әзірлеуге және жүзеге асыруға;

5) Филиалдың (Өкілдіктің) қызметінің мәселелері бойынша оған сенімхатпен берілген өкілеттігі шегінде шешімдер қабылдауға құқылы.

14.11. Филиалдың (Өкілдіктің) Жетекшісі Қордың өкілетті органымен бекітілетін штат тізімін, жұмысшылардың еңбек ақының жүйесін өндіреді.

Филиалдың (Өкілдіктің) Жетекшісіне еңбек ақы төлеудің тәртібі мен мөлшері Қордың өкілетті органымен белгіленеді.

14.12. Филиалдың (Өкілдіктің) Қордың қызмет жүргізу үшін берілген мүлігі бұның бөлек суббалансында есептеледі.

Филиалдың/өкілдіктің суббалансы жыл сайын оның қызметінің жылдық қаржылық есеп беруімен бірге қайта қаралады және Қордың өкілетті органымен бекітіледі.

14.13. Филиалдың (Өкілдіктің) өзінің қызметі мен көрсетілген мақсатына жету үшін Қордың филиал/өкілдіктің жөнінде көрсетілген Ережесіндегі тәртіпке сай мына қызметтерді жүзеге асыра алады:

Қордың Жарғысында көрсетілген және филиал/өкілдіктің жөніндегі ережеге сай заңды актілер мен басқа да қызметтер.

15. ҚОРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ

15.1. Қордың қызметін тоқтату қайта ұйымдастыру немесе тарату жолымен:

- құрылтайшылардың жалпы жиналысының шешімі бойынша;
- сот шешімі бойынша пайда болады.

15.2. Қордың қайта ұйымдастырылуы (бірігуі, қосылуы, бөлінуі, бөліп шығу, қайта құрылуы) заңдарда көрсетілген тәртіппен жүргізіледі.

Қайта құрылған Қордың тіркелген күнінен бастап, тек бірлескен түрінен қайта құрылған жағдайынан басқа Қор қайта ұйымдастырылған болып саналады.

15.3. Қайта ұйымдастырылған кезде Қордың құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес алпы Жиналыспен белгіленген тәртіппен және шарттарға байланысты оның мирасқорына беріледі.

15.4. Қайта ұйымдастырылған (біріктіру, қосу бөліп шығару) кезеңде Қордың мирасқорын құрылтайшылардың жалпы Жиналысы анықтайды. Қордың мүлкін оның мирасқорына беру тәртібі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (жалпы бөлімі) сәйкес құрылтайшылардың Жиналысы анықтайды. Осы жағдайда қайта құрылған Қордың барлық құқылары мен міндеттері оның мирасқорына, ол мемлекеттік тіркелген кезден бастап өтеді.

15.5. Тарату комиссиясы Қордың таратылуы туралы және оның несие берушілерінің тілектерін мәлімдеуінің мерзімі жөнінде жариялауды ресми баспа органдарында орналастырады. Бұл мерзім тарату туралы жариялау кезден бастап екі айдан аз болмау керек.

Тарату комиссиясы несие берушілерін табуға және қарызын алуға шара қолданады, сондай-ақ Қордың тарату туралы жөнінде несие берушілерді жазбаша түрде хабардар етеді.

15.6. Тарату комиссиясы несие берушілерінің талаптары берілген мезгіл өткеннен кейін Қордың құрылтайшылар Жиналысымен бекітілген, Қордың мүлкінің құрамы туралы мәлімдемелерден, несие берушілермен мәлімденген талаптары және де олардың қарастыру қортындысынан тұратын аралық тарату балансын құрады.

15.7. Қордың несие берушілеріне ақшалай сомаларын төлеу аралық тарату балансына сәйкес, ол бекітілген күннен бастап, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (жалпы бөлімі) 51 тарауымен бекітілген кезектілік тәртібімен тарату комиссиясымен жүзеге асырылады.

15.8. Тарату комиссиясы несие берушілермен есептері бітірілгеннен кейін құрылтайшылардың жалпы жиналысымен бекітілетін тарату балансын құрады.

15.9. Қор таратылғаннан кейін қалған мүлік, жарғыға сай қаралған мақсатқа жұмсалады.

15.10. Қордың таратылуы қолданылатын заңдармен көзделген тәртібі бойынша Қорды тіркеген органымен жүзеге асырылады.

15.11. Бизнес-идентификациялық нөмірлердің ұлттық реестріне енгізілген кейін ғана заңды тұлғаның таратылуы аяқталған, ал заңды тұлға өзінің қызметін тоқтатқан болып саналады.

Әубәкір Арман Серікұлы

Беркімбаев Ардақ Оразғалиұлы

Омар Алишер

Налибаев Бейбит Молдахметович





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ

НӨМІРЛЕНГІНІ, ТІГІЛГЕН ЖӘНЕ МӨР
БАСЫЛГАНЫ БАРЛЫҒЫ 23 ЛАРПАҚ

2018 ж. 15 " 08

МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ

ВСЕГО ПРОНУМЕРОВАНО, ПРОШУРОВАНО И
СКРЕПЛЕНО ПЕЧАТЬЮ НА 23 ЛИСТАХ

15 " 08 200 18

нұсқаның көшірмесі және
нұсқаның көшірмесі
23 (двадцать три) листом

2019 жылғы 15 қаңтар

«Адырна» ұлттық-этнографиялық бірлестігі» қоғамдық қоры бұдан әрі «Тапсырыс беруші», директоры Әубәкір Арман Серікұлы Жарғы негізінде әрекет етуші бірінші тараптан және **Кенжетәев Досай Тұрсынбаевич** бұдан әрі «Орындаушы» екінші тараптан осы келісімшарт негізінде төмендегідей келісім жасасты:

1. Келісімшарттың мәні

1.1. Келісімшартқа сәйкес «Орындаушы» «Тапсырыс берушінің» тапсырмасы бойынша төмендегі қызметтерді атқарады:

-

Қызметті көрсету мерзімі: **2019 жылғы 29 наурыздан бастап 2019 жылғы 29 қарашаға дейін.**

1.2. Келісімшарт бойынша Орындаушы Тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша қызмет көрсетуге, ал Тапсырыс беруші Орындаушының атқарған қызметі үшін ақы төлеуге міндетті.

1.3. Тапсырыс беруші мен Орындаушы Қызметті атқару актіне қол қойған сәттен қызмет толықтай көрсетілді деп есептеледі.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1. Орындаушы:

2.1.1. Жеке қызмет көрсетуге және ұсынылатын қызметтердің сапасын қамтамасыз етуге міндетті.

2.1.2. Тапсырыс берушінің талабы бойынша, қызметтердің сапасын нашарлататын кемшіліктерді, ауытқулар мен басқа да кемшіліктерді түзетуге міндетті.

2.1.3. Тапсырыс берушінің келісімінсіз қызметтерді үшінші тұлғаларға сатуға, айырбастауға немесе беруге құқылы емес.

2.1.4. Келісімшартты жүзеге асыру мақсатынан басқа жағдайда ақпаратты Тапсырыс берушінің келісімінсіз пайдаланбауға.

2.1.5. Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындау барысы туралы ақпарат беруге.

2.2. Тапсырыс беруші:

2.2.1. Осы келісімшарт талаптарына сәйкес атқарылған қызметті қабылдауға және ақы төлеуге міндетті.

2.2.2. Кез-келген уақытта Орындаушының қызметіне кедергі келтірмей атқарылып жатқан қызметтердің сапасын тексеруге құқығы бар.

2.2.3. Егер Орындаушы келісімшартты орындауға уақытылы кіріспесе немесе қызметті соншалықты баяу орындап, оны мерзімінде аяқтау мүмкін болмаса, Тапсырыс беруші келісімшарттан бас тартуға және шеккен залалдарын өтеуді талап етуге құқылы.

2.2.4. Қызметтерді ұсыну құқығын растайтын құжаттармен танысуға немесе құжаттардың көшірмелерін алуды талап етуге құқылы (диплом, банк шоты ақпараттары, жеке құжат).

3. Қызмет ақысы және төлеу тәртібі

3.1. Келісімшарт бойынша атқарылатын қызметтің жалпы құны теңге.

3.2. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Тапсырыс беруші қызмет көрсетудің жалпы соммасынан жеке табыс салығын 10% мөлшерде ұстап қалады.

3.3. Қызметтің құны жеке табыс салығы шегерілгеннен кейін банк картшотына аударылады немесе кассадан қолма-қол беріледі.

3.4. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ақылы қызмет көрсету келісімшарты негізінде төленетін ақыдан 10% мөлшеріндегі міндетті зейнетақы жарнасын Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төлеу Орындаушының өзіне міндеттеледі.

4. Тараптардың жауапкершілігі

4.1. 1.1-тармақта көрсетілген қызметтерді ұсыну мерзімдерін бұзғаны үшін, сондай-ақ осы келісімшарттың 2.1.2 -тармағына сәйкес кемшіліктерді жоюдың талаптарын бұзғаны үшін Орындаушы Тапсырыс берушіге Қызметтің жалпы құнынан 10% мөлшерінде айыппұл төлейді.
4.2. Айыппұл төлеу Орындаушыны осы келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

5. Дауларды шешу рәсімі

5.1. Осы келісімшартты орындау кезінде туындауы мүмкін даулар мен келіспеушіліктерді тараптар келіссөздер жүргізу арқылы шешуге міндеттенеді.

5.2. Келіспеушіліктерді сотқа дейін шешу мүмкін болмаған жағдайда дау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Алматы қаласы сот органдарында қарауға жатады.

6. Қорытынды ережелер

6.1. Келісімшарт қол қойған сәтінде күшіне енеді және тараптар осы келісімшарттағы өз міндеттемелерін толық көлемде орындағанға дейін жарамды.

6.2. Келісімшартқа енгізілген кез-келген өзгерістер мен толықтырулар оларды жазбаша түрде жасасқан және тараптар қол қойған жағдайда ғана жарамды. Келісімшарттың қосымшалары оның ажырамас бөлігі болып табылады.

6.3. Келісімшарт тараптардың әрқайсысы үшін бірдей күші бар екі данада, қазақ тілінде жасалды.

6.4. Ақылы қызмет көрсету келісімшартын құқықтық реттеуде мердігерлік туралы жалпы ережелер (616-639 баптар), тұрмыстық мердігерліктің ерекшеліктері (640-650-баптары) қолданылады, егер осы баптар ақылы қызмет көрсету шарттарына және Азаматтық кодекстің 683-686-баптарына қайшы келмесе.

7. Тараптардың мекенжайлары мен банк деректемелері

Тапсырыс беруші

«Адырна» ұлттық-этнографиялық бірлестігі» қоғамдық қоры
Алматы қ-сы, Гагарин д., 181 үй, 20 п.
БИН 111 140 017 994
ЖСК KZ618562203104588836
«Банк ЦентрКредит» АҚ
БСК КСJBKZKX
КБЕ 18

Тапсырыс беруші

Әубәкір А.



Орындаушы

Кенжетаев Досай Турсынбаевич
ЖСН 580221301238
Жеке куәлік №034490191
27.03.2013
Қазақстан Республикасының ПМ

Орындаушы

Кенжетаев Д.Т.

2019 жылғы 15 қаңтар

«Адырна» ұлттық-этнографиялық бірлестігі» қоғамдық қоры бұдан әрі «Тапсырыс беруші», директоры Әубәкір Арман Серікұлы Жарғы негізінде әрекет етуші бірінші тараптан және **Сариева Рыскуль Дуйсеновна** бұдан әрі «Орындаушы» екінші тараптан осы келісімшарт негізінде төмендегідей келісім жасасты:

1. Келісімшарттың мәні

1.1. Келісімшартқа сәйкес «Орындаушы» «Тапсырыс берушінің» тапсырмасы бойынша төмендегі қызметтерді атқарады:

-

Қызметті көрсету мерзімі: **2019 жылғы 29 наурыздан бастап 2019 жылғы 29 қарашаға дейін.**

1.2. Келісімшарт бойынша Орындаушы Тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша қызмет көрсетуге, ал Тапсырыс беруші Орындаушының атқарған қызметі үшін ақы төлеуге міндетті.

1.3. Тапсырыс беруші мен Орындаушы Қызметті атқару актіне қол қойған сәттен қызмет толықтай көрсетілді деп есептеледі.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1. Орындаушы:

2.1.1. Жеке қызмет көрсетуге және ұсынылатын қызметтердің сапасын қамтамасыз етуге міндетті.

2.1.2. Тапсырыс берушінің талабы бойынша, қызметтердің сапасын нашарлататын кемшіліктерді, ауытқулар мен басқа да кемшіліктерді түзетуге міндетті.

2.1.3. Тапсырыс берушінің келісімінсіз қызметтерді үшінші тұлғаларға сатуға, айырбастауға немесе беруге құқылы емес.

2.1.4. Келісімшартты жүзеге асыру мақсатынан басқа жағдайда ақпаратты Тапсырыс берушінің келісімінсіз пайдаланбауға.

2.1.5. Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындау барысы туралы ақпарат беруге.

2.2. Тапсырыс беруші:

2.2.1. Осы келісімшарт талаптарына сәйкес атқарылған қызметті қабылдауға және ақы төлеуге міндетті.

2.2.2. Кез-келген уақытта Орындаушының қызметіне кедергі келтірмей атқарылып жатқан қызметтердің сапасын тексеруге құқығы бар.

2.2.3. Егер Орындаушы келісімшартты орындауға уақытылы кіріспесе немесе қызметті соншалықты баяу орындап, оны мерзімінде аяқтау мүмкін болмаса, Тапсырыс беруші келісімшарттан бас тартуға және шеккен залалдарын өтеуді талап етуге құқылы.

2.2.4. Қызметтерді ұсыну құқығын растайтын құжаттармен танысуға немесе құжаттардың көшірмелерін алуды талап етуге құқылы (диплом, банк шоты ақпараттары, жеке құжат).

3. Қызмет ақысы және төлеу тәртібі

3.1. Келісімшарт бойынша атқарылатын қызметтің жалпы құны теңге.

3.2. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Тапсырыс беруші қызмет көрсетудің жалпы соммасынан жеке табыс салығын 10% мөлшерде ұстап қалады.

3.3. Қызметтің құны жеке табыс салығы шегерілгеннен кейін банк картшотына аударылады немесе кассадан қолма-қол беріледі.

3.4. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ақылы қызмет көрсету келісімшарты негізінде төленетін ақыдан 10% мөлшеріндегі міндетті зейнетақы жарнасын Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төлеу Орындаушының өзіне міндеттеледі.

4. Тараптардың жауапкершілігі

4.1. 1.1-тармақта көрсетілген қызметтерді ұсыну мерзімдерін бұзғаны үшін, сондай-ақ осы келісімшарттың 2.1.2 -тармағына сәйкес кемшіліктерді жоюдың талаптарын бұзғаны үшін Орындаушы Тапсырыс берушіге Қызметтің жалпы құнынан 10% мөлшерінде айыппұл төлейді.

4.2. Айыппұл төлеу Орындаушыны осы келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

5. Дауларды шешу рәсімі

5.1. Осы келісімшартты орындау кезінде туындауы мүмкін даулар мен келіспеушіліктерді тараптар келіссөздер жүргізу арқылы шешуге міндеттенеді.

5.2. Келіспеушіліктерді сотқа дейін шешу мүмкін болмаған жағдайда дау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Алматы қаласы сот органдарында қарауға жатады.

6. Қорытынды ережелер

6.1. Келісімшарт қол қойған сәтінде күшіне енеді және тараптар осы келісімшарттағы өз міндеттемелерін толық көлемде орындағанға дейін жарамды.

6.2. Келісімшартқа енгізілген кез-келген өзгерістер мен толықтырулар оларды жазбаша түрде жасасқан және тараптар қол қойған жағдайда ғана жарамды. Келісімшарттың қосымшалары оның ажырамас бөлігі болып табылады.

6.3. Келісімшарт тараптардың әрқайсысы үшін бірдей күші бар екі данада, қазақ тілінде жасалды.

6.4. Ақылы қызмет көрсету келісімшартын құқықтық реттеуде мердігерлік туралы жалпы ережелер (616-639 баптар), тұрмыстық мердігерліктің ерекшеліктері (640-650-баптары) қолданылады, егер осы баптар ақылы қызмет көрсету шарттарына және Азаматтық кодекстің 683-686-баптарына қайшы келмесе.

7. Тараптардың мекенжайлары мен банк деректемелері

Тапсырыс беруші

«Адырна» ұлттық-этнографиялық
бірлестігі» қоғамдық қоры
Алматы қ-сы, Гагарин д., 181 үй, 20 п.
БИН 111 140 017 994
ЖСК KZ618562203104588836
«Банк ЦентрКредит» АҚ
БСК КСЖВКЗКХ
КБЕ 18

Тапсырыс беруші

_____ Әубәкір А.



Орындаушы

Сариева Рыскуль Дуйсеновна
ЖСН 681017402177
Жеке куәлік № 035455995
24.10.2013
Қазақстан Республикасының ІІМ

Орындаушы

_____ Сариева Р.Д.